




Ақырыбы: «Бір өлшемді адам» Маркузге Гербер

**Орындаған: Бисалиева С.  
БЭК-21**





## Маркузе Герберт

([1898-1979](#))неміс-американдық [элеуметтанушы](#), [философ](#), неомарксизмнің Франкфурттық мектебінің көрнекті өкілі. Маркузе Герберт - индустриалдық қоғам теориясын солшыл радикалдық бағытта талдауды жақтады. Ол бұл қоғамға бұрынғы төңкерістік сипатынан айырылған жұмысшы табын өзіне кіріктіре алды

Ол жеке адамның бостандығына қатер төндіретін индустриалды қоғам мәдениетіне қарсы бағытталған "сыни теорияны" жасауға қатысты. Ол "бір өлшемді қоғам" және "бір өлшемді адам" ұғымдарын енгізді. Бір өлшемді қоғам дегеніміз - бұрынғы адамгершілік құндылықтарының бәрінен айырылған, басты құндылығы индустриалды даму болып табылатын тоталдық жүйе; бұл қоғам жүйенің өз ішіндегі қандай да бір еркіндікке шек қоя отырып, "сыртқы еркіндік" үшін күреседі. Бірақ күрес қанша нақты жүргізілгенімен, адамға еркіндік берілмейді. Бір өлшемді қалып-күйден шығарылу үшін мәдени құндылықтардың өзгеруі және "ішкі еркіндікті" таба алу қажет.



# Маркузе Герберт



Бұл жеке адамның бостандығына қатер төндіретін индустриалды қоғам мәдениетіне қарсы бағытталған "сыни теорияны" жасауға қатысты. Ол "бір өлшемді қоғам" және "бір өлшемді адам" ұғымдарын енгізді. Бір өлшемді қоғам дегеніміз - бұрынғы адамгершілік құндылықтарының бәрінен айырылған, басты құндылығы индустриалды даму болып табылатын қалдық жүйе; бұл қоғам жүйенің өз ішіндегі қандай да бір еркіндікке шек қоя отырып, "сыртқы еркіндік" үшін күреседі. Бірақ күрес қанша нақты жүргізілгенімен, адамға еркіндік берілмейді. Бір өлшемді қалып-күйден арылу үшін мәдени құндылықтарды өзгертуі және "ішкі еркіндікті" табу қажет. Бір өлшемді қоғам саяси және рухани теңгермешілдік катерлі тенденциясын тудырды және бұған "бір өлшемді" адамның қалыптасуына негізгі құқық пен бостандықтың мән-мағынасына деген парықсыздығымен қатысты. Бірақ білім, оқу-ағарту, білім мүмкіндіктердің тудырды. Бір өлшемді қоғам, бір есептен, конструктивтіліктің жоқтығынан қалыптасты, ал бұл оппозицияның болмауына әкеп соқтырды. Бір өлшемді қоғамның қауіптілігі ерекше "адам типін", ештеңе айта алмайтын және айтқысы келмейтін, мемлекеттік құрылымдарға толық тәуелді адамды тудырады.

Кітап алғаш рет 1964 жылы АҚШ-та және 1967 жылы ГФР-да басылып шықты. Кітап "Жауапкершілік пен қорқыныс" қозғалысының идеялық-саяси ұстанымдарына қатты әсер етті. Зерттеуші Маркус Гуглас Келлнердің пікірінше, "бір өлшемді адам" — 1960 жылдардағы ең ірі еңбектерінің бірі.

Кітапта жазылған көзқарастар. Қазіргі қоғамда барлық адамдар бірдей, өйткені бір ниетпен бағынады. Қоғам еркін деп аталады (либералды қоғам), ал шын мәнінде қоғамда неоталитаризм орнайды-жаппай тұтыну қоғамы өз құндылықтарын қалыптастырды, әрбір жеке адамның мәдениетіне әсер етті және бақылайды. Қазіргі адамның қажеттілігі жалған және оған сырттан байланған, ол өз қажеттіліктерін құл етеді. Қоғамның оң өзгеруі үшін адам "Ұлы бас тарту" жасауы керек — табиғатты пайдаланудан өз қажеттіліктерінің бағытын онымен үйлесімділікке қарай өзгертуі, өз тілегі мен сезімдерін жоғары руханилыққа айналдыруы керек.





## БІР ӨЛШЕМДІ АДАМ

### Дамыған индустриялық қоғам идеологиясын зерттеу

(1898-1979) - неміс-американ әлеуметтік философы, әлеуметтанушы, Франкфурт әлеуметтік философия мектебінің көрнекті өкілі, неомарксизм теоретиктерінің бірі. 1934 жылы АҚШ-қа қоныс аударып, онда Колумбия, Гарвард, Калифорния университеттерінде жұмыс істеді. Фрейдомарксизм теориясын дамытты, осы заманғы индустриялық қоғамның солшыл радикалдық сыншысы ретінде көрінді, оны бұл қоғамды бұқараны аяусыз қанайтын және сонымен бірге тұтынушылық қоғамның әуелі қызықшылықтарымен еліктіріп, ең алдымен бұқаралық ақпарат құралдары арқылы бұқаралық санаға ықпал етіп, олардың қарсылығын басып жаншып отыратын зорлықшыл әлеуметтік жүйе деп санады



"Қоғам" категориясының өзі әлеуметтік және саяси өрістердің өткір тартысын - қоғам мен мемлекеттің антагонизмін бейнеледі. Сол секілді "индивид", "тап", "жекеше", "отбасы" ұғымдары орнаған жағдайға - шиеленіс пен қарама-қайшылық өрістеріне әлі кірікпеген салалар мен күштерді нобайлады. Бірақ индустриялық қоғамның есе түскен кірігуі бұл ұғымдарды сыншыл мағынадан айыра отырып, оларды сипаттаудың немесе алдаудың операциялық терминдеріне айналдыруға ұмтылады.

Дамыған индустриялық өркениетте жанға жайлы, тыныш, қоңыржай, демократиялық бейбостандық, техникалық прогрестің айғағы үстемдік етеді. Индустриялық қоғамның бастапқы кезеңдерінде өмірлік маңызды факторлар рөлін атқарған құқықтар мен бостандықтар өзінің дәстүрлі ұтымды тұғыры мен мазмұнын жоғалта отырып, бұл қоғамның неғұрлым жоғары сатыға өтуіне қарай өз позицияларын әлсірете береді. Ой, сөз және ұждан бостандығы - олар қорғауға және дамытуға қызмет еткен еркін кәсіпкерлік секілді - бастапқыда өзінің мәнісі жағынан ескірген материалдық және зияткерлік мәдениетті неғұрлым білімді де ұтымды мәдениеттің ығыстырып шығаруына бағытталған сыншыл идеялар ретінде әрекет етеді. Бір өлшемді ойлауды саясатты әзірлеушілер мен олардың бұқаралық ақпарат өрісіндегі уәлилері жүйелі түрде сіңіріп отырады. Олардың дискурсының универсумы өздігінен қозғалатын гипотезалар арқылы енгізіледі, олар үздіксіз және жоспарлы түрде қайталана отырып, сиқырлы әсер ететін факторлар рөлін бейбостандыққа айналдырады.

